

ОСЫ ХАБАРЛАНДЫРУ АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНДА (ОЛАРДЫҢ АУМАҚТАРЫ МЕН ИЕЛІКТЕРІН, АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН ШТАТЫН ЖӘНЕ КОЛУМБИЯ ОКРУГІН ҚОСА), КАНАДАДА, АУСТРАЛИЯДА, ОҢТҮСТІК АФРИКА РЕСПУБЛИКАСЫНДА, ЖАПОНИЯДА ЖАРИЯЛАУ, ТАРАТУ НЕМЕСЕ ШЫҒАРУ ЗАҢҒА ҚАЙШЫ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН БАСҚА ЮРИСДИКЦИЯДА ТОЛЫҚ НЕМЕСЕ ІШІНАРА, ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА ТҮРДЕ ЖАРИЯЛАУҒА, ТАРАТУҒА НЕМЕСЕ ШЫҒАРУҒА АРНАЛМАҒАН.

Осы хабарландыру АҚШ, Канада, Жапония, Оңтүстік Африка Республикасы немесе Аустралияны қоса алғанда, қандай да бір юрисдикцияларда құнды қағаздарды шығару проспектісі немесе құнды қағаздарды сатуға арналған оферта болып табылмайды.

Осы хабарландыру да, оның қандай да бір ережелері не басқасы да, «Эйр Астана» акционерлік қоғамы 2024 жылғы 12 қаңтарда жариялаған тіркеу құжатында бар (ары қарай – «Тіркеу құжаты») қандай да бір юрисдикциядағы оферта немесе қандай да бір түрдегі міндеттемелер үшін негіз болып табылмайды және оларға қандай да болса юрисдикциядағы қандай да болса оферта немесе міндеттемелерге байланысты сүйенбеу керек. Компанияның жай акцияларын ықтимал ұсынуымен (ары қарай - «Акциялар») және ғаламдық депозитарлық қолхаттар нысанында жай акциялар (ары қарай - «ҒДҚ») (Акциялармен бірге ары қарай – «Бағалы қағаздар») және ықтимал (i) ҒДҚ-ді Ұлыбританияның Қаржылық реттеу және қадағалау жөніндегі басқармасының бағалы қағаздарының (ары қарай - «FCA») «Стандарт» сегментіндегі ресми тізіміне және Лондон қор биржасының негізгі алаңында (ары қарай - «LSE») ресми сауда-саттыққа жіберуіне (ii) Бағалы қағаздарды АХҚО Қор биржасының (ары қарай - «AIX») ресми тізіміне енгізуіне және AIX сауда-саттығына, және (iii) «Қазақстан қор биржасы» АҚ (ары қарай - «KASE») «Негізгі» алаңының «Акциялар» секторының «Премиум» санатына және KASE сауда-саттығына жіберуіне байланысты «Эйр Астана» акционерлік қоғамы (ары қарай - «Компания») лайықты түрде жарияланауы мүмкін Түпкілікті нысанындағы бағалы қағаздарды шығару проспектінде (ары қарай - «Прспект», жарамды болса, кез келген қосымша проспекспен бірге) қамтылған ақпарат және ондағы тәуекел факторлары негізінде болмаса, инвесторлар осы хабарландыруда немесе Тіркеу құжатында аталған қандай да бір бағалы қағаздарды сатып алмауы тиіс. Кез келген Проспекттің көшірмесі Компания жариялаған жағдайда белгілі бір шектеулерін ескере отырып, Компанияның www.airastana.com вебсайтында танысу үшін қолжетімді болады.

2024 жылғы 29 қаңтар



«Эйр Астана» акционерлік қоғамы

Орналастырудың Баға Диапазоны туралы хабарлама

2024 жылғы 19 қаңтарда халықаралық нарықта өзінің ҒДҚ (ары қарай – «**Ғаламдық орналастыру**») және Қазақстандағы акциялар мен ҒДҚ (ары қарай – «**Жергілікті орналастыру**», ал ғаламдық орналастырумен бірге ары қарай – «**Орналастыру**») алғашқы жария орналастыруын өткізу ниетін растағанан кейін «Эйр Астана» акционерлік қоғамы (ары қарай – «**Компания**») және өзінің еншілес компаниясымен бірге «**Эйр Астана тобы**») бүгін жоспарланған орналастырудың баға диапазонын жариялайды.

Орналастыру BAE Systems (Kazakhstan) Limited (ары қарай – «**BAE**») және «Самұрық-Қазына «Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамына (ары қарай – «**СҚ**») тиесілі акцияларын мен ҒДҚ сатуды, сондай-ақ Компанияның жаңадан шығарылған Акцияларын (және жаңадан шығарылған акциялар базалық активі болып табылатын ҒДҚ) орналастыруын қамтиды.

Компания (i) ҒДҚ-ны FCA бағалы қағаздарының «Стандарт» сегментіндегі ресми тізіміне енгізуге және оларды LSE негізгі алаңында ресми сауда-саттыққа жіберуге (ары қарай – «**LSE-ге жіберу**») және (ii) Акциялар мен ҒДҚ-ны AIX ресми тізіміне және AIX сауда-саттығына жіберуге өтінім беруге ниетті (ары қарай – «**AIX-ке жіберу**»). Акцияларды KASE-нің «Негізгі» алаңының «Акциялар» секторының

«Премиум» санатына 2024 жылдың 19 қаңтарында жіберілген. Енді Компания KASE сауда-саттығына (ары қарай – **«KASE-ге жіберу»**, ал AIX пен LSE-ге жіберумен бірге **«Жіберу»**) жіберуге өтінім береді.

Орналастырудың болжамды баға диапазоны (ары қарай – **«Орналастырудың Баға Диапазоны»**) ҒДҚ үшін 8,50-ден 11,00 АҚШ долларға дейін және Акция үшін 2,13-тен 2,75 АҚШ долларға дейін белгіленді. ҒДҚ мен Акция үшін ұсыныстың түпкілікті бағасы Орналастырудың Баға Диапазонында болады. ҒДҚ базалық активі компанияның жай Акциялары болады, бұл ретте бір ҒДҚ базалық активі - 4 (төрт) Акция. Акцияның түпкілікті бағасы теңгемен белгіленеді және Баға жарияланған күннің алдындағы күні қолданыста болатын Қазақстан Ұлттық Банкінің (ары қарай – **«ҚҰБ»**) ресми бағамы бойынша 4 (төртке) бөлінген және теңгемен айырбасталған ҒДҚ үшін түпкілікті бағаға тең болады. KASE және AIX акцияларына инвесторлардың өтінімдері теңгемен берілуге тиіс. Тек ақпараттық мақсаттар үшін, бұл осы хабарландыру күнгі ҚҰБ ресми бағамы бойынша Акция үшін 2,13-тен 2,75 АҚШ долларға белгіленген Орналастырудың Баға диапазоны 956-дан 1 237 теңгеге дейінгі диапазонға баламалы.

Орналастыру шеңберінде Компания Акциялар мен ҒДҚ шығаруды және шамамен 120 миллион АҚШ долларын (салықтар мен шығыстарға дейін) тартуды жоспарлап отыр. Бұл жағдайда Компанияның күтілетін нарықтық капитализациясы 770 миллион АҚШ долларынан 962 миллион АҚШ долларға дейін болар еді.

Орналастырудың түпкілікті бағасы өтінімдер кітабын (букбилдинг) қалыптастыру аяқталғаннан кейін айқындалады және шамамен 2024 жылғы 9 ақпанда (ары қарай – **«Бағаны жариялау күні»**) жарияланады деп күтілуде.

«Эйр Астана» АҚ Президенті және Бас атқарушы директоры Питер Фостер:

«LSE, AIX және KASE листингімен бастапқы көпшіліктік орналастыру барысында қол жеткізілген елеулі прогресс туралы хабарлауға қуаныштымыз. Инвесторлардың орналастыруға реакциясы және қызығушылығы өте оң болды.

Тез дамып келе жатқан әуекомпаниялар ретінде, «Эйр Астана» мықты қаржылық және операциялық тарихымен, елеулі өсу мүмкіндіктерімен және тәжірибелі, ұқыпты басқару командасымен нығайтылған тартымды инвестициялық ұсыныс екеніне сенімдіміз. Болашақ акционерлеріміз үшін ұзақ мерзімді құндылық жасай отырып, жетістігіміздің жалғасын асыға күтеміз».

Орналастырудың негізгі мәліметтері:

- Орналастырудың баға диапазоны мына деңгейде белгіленді:
 - (i) ҒДҚ үшін 8,50-ден 11,00 АҚШ долларға дейін; және
 - (ii) Акция үшін 2,13-тен 2,75 АҚШ долларға дейін. Тек ақпараттық мақсаттар үшін, бұл осы хабарландыру күнгі ҚҰБ ресми бағамы бойынша бір Акция үшін 956-дан 1 237 теңгеге дейінгі диапазонға баламалы. KASE және AIX-тегі акцияларын сатып алуға инвесторлардың өтінімдері теңгемен берілуге тиіс. Акцияның түпкілікті бағасы теңгемен белгіленеді және Баға жарияланған күннің алдындағы күні қолданыста болатын ҚҰБ ресми бағамы бойынша 4 (төртке) бөлінген және теңгемен айырбасталған ҒДҚ үшін түпкілікті бағаға тең болады.
- Орналастыруға мыналар кіреді:
 - (i) ҒДҚ жергілікті орналастыру (**«Жергілікті орналастырудың ҒДҚ»**) және акциялар (**«Жергілікті орналастырудың акциялары»**), жергілікті орналастырудың ҒДҚ-мен бірге – **«Жергілікті орналастырудың бағалы қағаздары»**);
 - (ii) ҒДҚ ғаламдық орналастыру (**«Ғаламдық орналастырудың ҒДҚ»**);

оның ішінде (а) Компания өзінің өсу стратегиясы үшін шамамен 120 миллион АҚШ доллар (салықтар мен шығыстарға дейін) мөлшерінде қаражат тартатын, Компанияның жаңадан шығарылатын Акцияларды (немесе базалық активі жаңадан шығарылатын акциялар болатын ҒДҚ) орналастыруы, сондай-ақ (б) СҚ және ВАЕ акционерлері Акцияларын (немесе базалық активі орналастырылған акциялар болатын ҒДҚ) орналастырулары.

- Компания орналастырудан тартылған қаражатты, ұтымды өтімділік пен қарыз алу деңгейін сақтай отырып, бизнесті және қосалқы қызметті дамытуға бағыттауға ниетті.

- ҒДҚ LSE және AIX листингіне енгізіліп, сауда-саттықтарына жіберіледі. Акциялар AIX және KASE листингіне енгізіліп, сауда-саттықтарына жіберіледі.
- Жергілікті орналастырудың бағалы қағаздары Қазақстандағы институционалдық және жеке инвесторларға AIX (ҒДҚ және Акциялар) және KASE (тек Акциялар) алаңдарында орналастырылатын болады.
- Компанияның жай акциялары ҒДҚ базалық активі болады, бұл ретте бір ҒДҚ базалық активі 4 (төрт) Акция.
- Орналастыру нәтижесінде шамамен 300 миллион АҚШ доллары (салықтар мен шығыстарға дейін) тартылады, оның шамамен 120 миллион АҚШ доллары Компания жағынан.
- Ғаламдық орналастыруға байланысты BAE ғаламдық орналастырудың ҒДҚ 15%-дан аспайтын көлемде қосымша ұсыныс (over-allotment option) опционын ұсынуға ниетті.
- Компания, CQ және BAE кейбір әдеттегі ерекшеліктерді ескере отырып, LSE-ге жіберілгеннен кейінгі 180 күн ішінде лок-ап мерзіміне келісті.
- Түпкілікті баға Бағаны жариялау күні жарияланады деп күтілуде. Ал LSE-ге жіберу және ҒДҚ-мен шартсыз мәмілелер LSE-де 2024 жылдың 14 ақпанында таңғы сағат 8:00-де басталады деп күтілуде.
- AIX-те Акциялар мен ҒДҚ және KASE-де Акциялармен шартсыз мәмілелер шамамен 2024 жылдың 15 ақпанында басталады деп күтілуде.
- Орналастыру туралы толық ақпарат Баға жарияланған күні Компания жариялайтын Проспектіге енгізіледі деп күтіледі.
- Ғаламдық орналастыруды жүзеге асыру үшін Компания бірлескен ғаламдық үйлестірушілер мен букраннерлер ретінде Citigroup Global Markets Limited және Jefferies International Limited (ары қарай – «**Бірлескен ғаламдық үйлестірушілер**»), сондай-ақ бірлескен букраннер ретінде WOOD & Company Financial Services, a.s. тартты.
- Жергілікті орналастыруды жүзеге асыру үшін Компания бірлескен букраннер ретінде «Halyk Finance» АҚ, жетекші менеджер ретінде Freedom Finance Global PLC, сондай-ақ ко-менджерлер «BCC Invest» АҚ, «SkyBridge Invest» АҚ және «Jusan Invest» АҚ тартты.

- Соңы -

Сұраулар:

«Эйр Астана» тобы

Ирина Мартинез (Инвесторлармен байланыс қызметінің басшысы)

investor.relations@airastana.com

+7 727 258 41 36
(ішкі 1682)

Белла Тормышева (Корпоративтік коммуникациялар жөніндегі вице-президенті)

media@airastana.com

+7 727 258 41 35

PG Communications («Эйр Астана» АҚ-ның жергілікті PR кеңесшісі)

Әсел Берімжарова

press@pressclub.kz

+7 701 749 02 00

Instinctif Partners («Эйр Астана» Тобының инвесторлармен байланыс және PR жөніндегі халықаралық кеңесшісі)

Damian Reese
Joe Quinlan
Vivian Lai

airastana@instinctif.com

+44 7931 598 593
+44 7493 867 439
+44 7493 867 459

Бірлескен ғаламдық үйлестірушілер

Citigroup Global Markets Limited

Ken Robins / Ivan Starcevic / Naveen Mittel (Equity Syndicate) /
Luke Atkinson (Equity Syndicate)

+44 20 7986 2175 /
+44 20 3569 3726

Jefferies International Limited

Luca Erpici / Christopher Squire / Aditi Venkatram /
Oliver Berwin (Equity Syndicate)

+44 20 7029 8000

Бірлескен букраннерлер

Wood & Company Financial Services, a.s.

Nick Kaufmann (ECM)
Wojciech Krajewski (IB)

+44 7534 664 275

+48 22 222 1542

Halyk Finance АҚ

Инвестициялық банкинг департаменті

ib@halykfinance.kz

+7 727 339 43 77

(ішкі 3327, 3356, 3419, 3326, 3373)

Жетекші менеджер

Freedom Finance Global PLC

Инвестициялық банкинг департаменті

ib@ffin.kz

+7 727 311 10 64 / +7 727 311 10 65

(ішкі 616, 342, 502, 415)

Ко-менеджерлер

BCC Invest АҚ

Инвестициялық банкинг департаменті

ib@bcc-invest.kz

+7 727 244 32 30 (ішкі 39040)

Jusan Invest АҚ

Санжар Оспанов (Басқарушы директор, Корпоративтік қаржы)

ib@jusaninvest.kz

+7 701 888 2999

SkyBridge Invest АҚ

Инвестициялық банкинг департаменті

ib@sbinvest.kz

+7 727 331 33 50 (ішкі 336)

Редакторларға арналған ескертпелер

«Эйр Астана» Тобы туралы

«Эйр Астана» Тобы нарық үлесі бойынша Орталық Азия мен Кавказ өңіріндегі ең ірі әуекомпаниялар тобы. Осы хабарландыру сәтінде «Эйр Астана» Компаниялар тобы 2002 жылы алғашқы рейсін орындаған «Эйр Астана» толық қызмет көрсететін бренд пен 2019 жылы құрылған FlyArystan бюджеттік тасымалдаушысы арасында үлестірілген 50 ұшақтан тұратын әуе кемелері паркін пайдаланады.

«Эйр Астана» Компаниялар тобы Орталық Азия, Кавказ, Қиыр Шығыс, Таяу Шығыс, Үндістан және Еуропа арқылы ішкі, өңірлік және халықаралық маршруттарда тұрақты, тікелей және транзиттік, қысқа магистральдық және алыс магистральдық авиатасымалдар мен жүк тасымалдарын қамтамасыз етеді. 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылы «Эйр Астана» Тобы 16 елге шамамен 52 мың рейсте 7,3 миллионға жуық жолаушыны тасымалдады. COVID-19-дан кейін әлем бойынша орташа көрсеткіштермен салыстырғанда «Эйр Астана» Тобы жылдам қарқынмен сәтті қалпына келді де, 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған үш жыл ішінде кірістің жиынтық орташа жылдық өсу қарқыны 60,6% құрады.

2023 жылы «Эйр Астана» Skytrax World Airline Awards нұсқасы бойынша он бірінші рет «Орталық Азия мен ТМД-ның үздік әуекомпаниясы» болып танылды және APEX (Airline Passenger Experience Association) ірі әуекомпаниялар санатында бес жұлдызды рейтингке ие болды

Маңызды құқықтық ақпарат

Осы хабарландыруда қамтылған ақпарат тек анықтамалық мақсаттарға арналған және толықтығын немесе жан-жақтылығын талап етпейді. Осы хабарландыруда қамтылған ақпаратқа немесе оның дәлдігіне, туралығына немесе толықтығына қандай да бір мақсатта сенім артуға болмайды.

Бұл материалдар Америка Құрама Штаттарында кез-келген бағалы қағаздарды сатуға арналған ұсыныс емес. Осы материалдар кіретін бағалы қағаздар 1933 жылғы АҚШ-тың Бағалы қағаздар туралы Заңына

және түзетулеріне сәйкес («Бағалы қағаздар туралы заң») тіркелмеген және Америка Құрама Штаттарында тіркеусіз немесе тіркеуден босатылмай ұсынылуға немесе сатылуға келмейді және бағалы қағаздар туралы Заңға сәйкес тіркелмейтін мәміле. АҚШ-та бағалы қағаздарды көпшілікке жариялау болмайды.

Осы хабарландыру (I) Ұлыбританиядан тыс жерлерде жүрген адамдарға немесе (II) 2005 жылғы бұйрықтың («Бұйрық») және 2000 жылғы қаржы қызметтері және қаржы нарықтары туралы Заңның (қаржылық жәрдемдесу) 19 (5)бабына жататын инвестициялар саласындағы мамандарға және (III) активтердің таза құны жоғары заңды тұлғалардың, сондай-ақ осы хабарландыру бұйрықтың 49(2) - бабына сәйкес заңды негіздерде жеткізілуі мүмкін өзге де тұлғалардың (бұдан әрі барлық аталған тұлғалар бірлесіп «**тиісті тұлғалар**» деп аталады). Бағалы қағаздарға жазылу, сатып алу немесе өзге де сатып алу туралы кез келген шақыру, ұсыныс тек тиісті тұлғалармен ғана жүзеге асырылады. Тиісті тұлғалар болып табылмайтын адамдар осы хабарландыруды негізге ала отырып әрекет етпеуге немесе осы хабарландыруға немесе оның мазмұнына сүйенбеуге тиіс.

Еуропалық экономикалық аймақтың кез-келген мүше мемлекетінде бұл хабарлама тек осындай мүше мемлекеттегі білікті инвесторларға арналған, олар ЕО-ның 2017/1129 проспектісі туралы директивасында («**Эмиссия проспектісі туралы регламент**») немесе Ұлыбританияның проспектісі туралы Ереженің мағынасында анықталған, өйткені ол Еуропалық Одақ Заңына сәйкес ассимиляцияланған Британдық заңнаманың бөлігі болып табылады (2018 жылғы («**Ұлыбритания проспектісі туралы ереже**»)) және білікті инвестор болып табылмайтын бірде-бір тұлға, бұл хабарламаға немесе оның мазмұнына сәйкес әрекет ете алмайды сүйіне алмайды.

Бұл материалдар мен олардағы ақпарат тек адресатқа жіберіледі және тек адресаттың пайдалануына арналған. Бұл материалдар да, олардағы ақпарат та жарнама болып табылмайды және шектеусіз адамдар тобына таратуға арналмаған. Адресат осы материалдарға сәйкес ұсынылатын құралдарды сатып алуға немесе оған өзге де түрде қызығушылық танытуға құқығы бар-жоғын анықтауға, сондай-ақ қазақстандық заңнаманы сақтауға жеке-дара жауапты.

Осы хабарлама Еуропалық экономикалық аймақтың кез келген мүше мемлекетінде және Ұлыбританияда эмиссия проспектісі туралы Регламенттің және Ұлыбритания проспектісі туралы, сондай-ақ негізгі заңнаманың мақсаттары үшін жарнама болып табылады. Бұл құжат проспект емес. Бекітілгеннен және жарияланғаннан кейін бағалы қағаздар проспекті эмитенттің <https://airastana.com> веб-сайтында қол жетімді болады.

Осы хабарландыруда «болжамды сипаттағы мәлімдемелер» немесе сондай болып есептелуі мүмкін мәлімдемелер болуы мүмкін. Бұл болжамды мәлімдемелер «есептейді», «бағалайды», «жоспарлайды», «жобалайды», «нысанаға алады», «болжайды», «күтеді», «ниет етеді», «мүмкін», «болады», «болжайды» немесе «тиіс» терминдерін қоса алғанда, болжамды терминологияны қолдану арқылы немесе әр жағдайда олардың теріс немесе басқа вариациялары немесе салыстырмалы терминологиясы немесе стратегияны, жоспарларды, міндеттерді, мақсаттарды, болашақ оқиғаларды немесе ниеттерді талқылау арқылы анықталынса болады. Болжалды мәлімдемелер нақты нәтижелерден айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін және бұл жиі кездеседі. Бұл мәлімдемелердің немесе болжамдардың ешқайсысы орындалады немесе қандай да бір болжамды нәтижелерге қол жеткізіледі деген хабарламалар жасалмайды. Кез келген болжамды мәлімдемелер «Эйр Астана» тобының болашақ оқиғалардағы ағымдағы көзқарасын көрсетеді және болашақ оқиғалармен байланысты тәуекелдерге, сондай-ақ «Эйр Астана» тобының бизнесіне, қызмет нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, өтімділікке, перспективаға, өсу мен стратегиясына қатысты басқа да тәуекелдерге, белгісіздіктер мен болжамдарға ұшырайды.

Болжамдық сипаттағы мәлімдемелер олар жасалған күнге ғана жарамды. Осы тәуекелдерді, белгісіздіктер мен болжамдарды ескере отырып, болжамды мәлімдемелерде көрсетілген оқиғалар орын алмауы мүмкін немесе «Эйр Астана» тобының нақты нәтижелері, көрсеткіштері немесе жетістіктері осындай мәлімдемелерде көрсетілген немесе болжанған нәтижелерден, көрсеткіштерден немесе & Company Financial Services, a.s., Halyk Finance АҚ, Freedom Finance Global PLC, «BCC-Invest» АҚ, «SkyBridge Invest» АҚ және «Jusan Invest» АҚ (бірлесіп «**Банктер**»), Компания немесе Топтың кез келген мүшесі «Эйр Астана» немесе осындай тұлғаның кез келген үлестес тұлғалары немесе олардың тиісті директорлары, лауазымды тұлғалары, қызметкерлері, агенттері немесе консультанттары осы хабарландыруда қамтылған кез келген осындай болжамды өтінішті немесе кез келген басқа ақпаратты жаңарту, қарау немесе қайта қарау бойынша, қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, жаңа ақпараттың, болашақ оқиғалардың немесе өзге де тәсілдердің пайда болуы нәтижесінде болсын қандай да бір міндеттемелерден тікелей бас тартады.

«Эйр Астана» Тобы ықтимал ұсынысты өткізбеу туралы шешім қабылдауы мүмкін, сондықтан Проспект жарияланатынына, орналастыру жүргізілетініне немесе рұқсат алынатынына кепілдік жоқ. Әлеуетті инвесторлар өздерінің қаржылық шешімдерін осы хабарландыруға негіздемеуі тиіс. Осы хабарландыруға жататын инвестицияларды сатып алу инвесторға барлық салынған соманы жоғалту қаупін тудыруы мүмкін. Инвестициялау мүмкіндігін қарастыратын тұлғалар осындай инвестициялар бойынша кеңес беруге маманданған уәкілетті тұлғамен кеңесу керек. Осы хабарландыру да, тіркеу құжаты да ықтимал ұсынысқа қатысты ұсыныс болып табылмайды. Акциялардың құны төмендеуі де, өсуі де мүмкін. Әлеуетті инвесторлар ықтимал ұсыныстың мүдделі тұлғаға сәйкестігі туралы кәсіби кеңесшімен кеңесуі керек.

Осы хабарландыруда қамтылған ешбір ақпарат (i) инвестициялық, салықтық, қаржылық, бухгалтерлік немесе заңгерлік кеңес, (ii) кез келген инвестиция немесе стратегия сіздің жеке жағдайларыңызға сәйкес келетіні туралы мәлімдеме немесе (III) жеке ұсыныс ретінде қаралмауы да қабылданбауы да керек.

Банктердің ешқайсысы, олардың тиісті аффилирленген тұлғалары және/немесе қандай да бір директорлар, лауазымды тұлғалар, қызметкерлер, консультанттар және/немесе олардың немесе олардың аффилирленген тұлғаларының агенттері де қандай да бір мәлімдемелер немесе кепілдіктер, осы жарнамадағы ақпараттың дұрыстығына, дәлдігіне немесе толықтығына (немесе жарнамада қандай да бір ақпарат алынып тасталғанына) және/немесе Компанияға, «Эйр Астана» тобына немесе оның еншілес компанияларына, қатысты кез келген басқа ақпаратқа қатысты ешқандай мәлімдемелер немесе кепілдіктер жоқ, ауызша, көрнекі немесе электрондық нысанда ұсынылғанына қарамастан және қандай жолмен берілсе де не болмаса ұсынылса да, немесе хабарландыруды немесе оның мазмұнын кез келген пайдалану нәтижесінде туындаған немесе оған байланысты өзге де жолмен туындаған кез келген залалдар үшін ешқандай жауапкершілік пен жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Citigroup Global Markets Limited пруденциалдық реттеу органымен рұқсат етілген және оны Қаржылық реттеу органы (FCA) және Ұлыбританияның пруденциалдық реттеу органы реттейді. Jefferies International Limited компаниясына Ұлыбританияның FCA рұқсат береді және реттейді. Wood & Company Financial Services, a.s. Чех Республикасындағы Чехия Ұлттық Банкі рұқсат берген және реттеген. Citigroup Global Markets Limited, Jefferies International Limited, WOOD & Company Financial Services, a.s. Қазақстан Республикасында ықтимал орналастырудың қандай болса да аспектілері үшін жауапкершілігін көтермейді және қатыспайды, және қатысуға рұқсаты не лицензиясы жоқ. (i) «Halyk Finance» АҚ; (ii) «BCC-Invest» АҚ; (ii) «SkyBridge Invest» АҚ; және (IV) «Jusan Invest» АҚ әрқайсысы Қазақстанда Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен реттеледі. Halyk Finance АҚ, Freedom Finance Global PLC және SkyBridge Invest АҚ әрқайсысы Астана халықаралық қаржы орталығында және Астананың қаржы қызметтері басқармасында авторландырылған және реттеледі. Банктердің әрқайсысы тек Компанияның және белгілі сатушы акционерлерден басқа ешкімнің атынан ықтимал ұсынысқа байланысты әрекет етпейді. Банктер кез келген басқа тұлғаны ықтимал ұсынысқа қатысты өз клиенті ретінде қарастырмайды және тиісті клиенттеріне берілетін қорғауды қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ ықтимал ұсынысқа, осы хабарландырудың мазмұнына немесе кез келген мәмілеге қатысты консультациялар беру үшін Компаниядан және белгілі сатушы акционерлерден басқа ешкімнің алдында жауапты болмайды. Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығуына байланысты банктер ЕЭАда орналасқан кез келген аффилирленген тұлғалардың ықтимал ұсынысына байланысты өз міндеттемелерін өз қалауы бойынша қабылдай алады.

Бұл хабарландырудағы кейбір деректер, соның ішінде қаржылық, статистикалық және операциялық ақпарат дөңгелектенді. Дөңгелектеу нәтижесінде осы хабарландыруда ұсынылған деректердің жиынтық сомалары осындай деректердің нақты арифметикалық сомаларынан сәл өзгеше болуы мүмкін. Кестелердегі пайыздар дөңгелектенуі мүмкін және сәйкесінше 100% болмауы мүмкін.

Егер басқасы көрсетілмесе, нарық, сала және бәсекелестік позиция туралы деректер есептік (және сәйкесінше шамалас) болып табылады және оларға сақтықпен қарау керек. Мұндай ақпарат аудитке немесе тәуелсіз тексеруге ұшыраған жоқ, сонымен қатар Компания оның негізінде жатқан экономикалық болжамдарды анықтаған жоқ.

Күмәнданды келтірмеу үшін «Эйр Астана» тобының веб-сайтының немесе «Эйр Астана» тобының вебсайтына тікелей немесе жанама түрде байланысты кез келген веб-сайттың мазмұны осы хабарландыруға сілтеме арқылы енгізілмеген және оның бөлігі болып табылмайды.